



## МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, аудан прокуратурасының 2024 жылдың 12 желтоқсан күнгі №2-0708-24-01631 санды шығыс хатына сәйкес барлық білім беру ұйымдарында ағымдағы жылдың 18-24 желтоқсан күндері аралығында **«Заң және тәртіп», «Тәртіпті өзіңнен баста!»** тақырыптарында апталық өткізуді тапсырады.

**Аудан прокуратурасы білім беру мекемелеріне төмендегідей тапсырмаларды ұсынады:**

- мектеп оқушыларын ақпараттандыру (құқық қорғау блогын және жергілікті атқарушы органдарды үйлестіру және өңірде қолданылатын заңдар мен ережелер туралы іске асыру. Құқықтық түсіндіру жұмыстарына қоғамдық пікір көшбасшыларын, сарапшылар мен блогерлерді тарту);

- Апталықты өткізу туралы (бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, көпшілік алдында сөйлеу арқылы бейнероликте міндетті түрде #Заң\_және\_тәртіп хештегін пайдалану);

- жастарды тәрбиелеу (жас ұрпақты заң мен тәртіпті құрметтеу рухында тәрбиелеуге ерекше назар аударып, заңға бағынатын мінез құлықты қалыптастыруға бағытталған жастарға арналған іс-шаралар ұйымдастыруды, онда прокуратура қызметкерлерінің жастардың дәріс сабақтарын өткізуге қатысуын қамтамасыз ету міндетті. Әлеуметтік бейнероликтерді (ұзақтығы 1 минуттан аспайтын) жасап, вайнерлер мен блогерлер арасындағы ынтымақтастық мәселелерін пысықтау);

-жағдайды мониторингтеу (мектеп әкімшілігі тарапынан заң мен тәртіптің өскелең ұрпақтың арасында сақталуын үнемі қадағалап отыру);

Жасөспірімдердің бастамаларын қолдау (қауіпсіз және тұрақты ету жолындағы күш жігерінде заңдылық пен тәртіпті нығайтуға бағытталған азаматтардың бастамаларын ынталандыру және қолдау).

Осыған байланысты, кәмелетке толмағандардың құқық санасын жоғарылату мақсатында 8-11 сынып оқушыларын қатыстыра отырып, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, қоғамдық пікір көшбасшыларын, белгілі мәдениет және спорт мамандарының қатысуын қамтамасыз етіп, бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялай отырып, құқық бұзушылықтың алдын алу проблемасы бойынша дәрістер, акциялар, сахналық қойылымдар, байқаулар мен жарыстар т.с.с. бағыттағы іс-

шараларды ұйымдастырып, #Заң\_және\_тәртіп хештегін пайдалана отырып, әлеуметтік желіге кеңінен жариялауды тапсырады.

Атқарылған іс-шаралар туралы сапалы ақпаратты 2024 жылдың 24 желтоқсан күнінен кешіктірмей [abb\\_gauharjan@mail.ru](mailto:abb_gauharjan@mail.ru) почтасына төмендегідей кестеге сәйкес жолдауларыңызды тапсырады.

№	Мектептің атауы	Қамтылған оқушы саны	Қатысқан танымал тұлғалардың аты-жөні мен лауазымы	Фото	Әлеуметтік желіге #Заң_және_тәртіп хештегін тектеп жарияланған сілтемелері

**Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысы**



**М.Сванов**

Орындаған: Г.Ногайбаева  
Тел: 2-14-10